№ 10/_____ ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ АКТІ

Ақтау қ.
Актіні толтыру орны

05.03.2026 ж.
Уақыты 12:00

1. Мемлекеттік бақылау және қадағалау органның атауы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті республикалық мемлекеттік мекемесі

2. Тексеру жүргізуге негіз болған тексеру тағайындау туралы актінің номері мен датасы 11.02.2026 ж. № 10

3. Тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы
ЖУМАШЕВ ЕРЖАН МОЛДАБАЕВИЧ - Маңғыстау облысы бойынша бас мемлекеттік экологиялық инспекторы
АДИЛЬБАЕВ ЕСЕНКОС ЭСТУРЕУЛЫ - Аға мемлекеттік экологиялық инспектор
АРТЫГАЛИЕВА ЭЛЬМИРА КОСЫМБАЕВНА - Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік экологиялық инспектор
ЖУСУПОВ АЙДОС ЕЛЕМЕСҰЛЫ - МО бойынша мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің инспекторы
НАДІРБЕК ҚАЙСАР НАДІРБЕКҰЛЫ - Маңғыстау облысы бойынша аға мемлекеттік экологиялық инспектор
МОЛБАЕВА ЗАРИНА НҰРБЕРГЕНҚЫЗЫ - ЗТББ бас маманы

4. Тексеру жүргізу кезінде қатысқан тексеру субъектісінің атауы, жеке және заңды тұлғаның уәкілетті адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болғанда) және оның лауазымы)
"Nobilis Corp" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Тексерілетін объектінің атауы/ объектінің мекен-жайы:
Месторождение «Боранкул»; скважины; цех добычи нефти и газа; групповые замерные установки; резервуары; трубопроводы; печи подогрева; насосы; сосуды, работающие под давлением; грузоподъемные механизмы (кадастрлық нөмірі 13-196-006-792), Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Ақтау, 17 (Шағын ауданы), 39.

5. Тексеріс жүргізу мерзімі 16.02.2026 - 05.03.2026

6. Тексеру нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар олардың мінездемесі (қысқа фабула) Бұзушылықтар анықталды
Маңғыстау облысы бойынша Экология департаментімен (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 144-бабы 2-тармағына сәйкес, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жолданған хабарлама негізінде, 2026 жылғы 16 ақпаннан бастап Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрі бекіткен 2025 жылға арналған жоспарға сәйкес «Nobilis Corp» ЖШС-не (бұдан әрі – Серіктестік) қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізілді. Тексеру барысында келесі бұзушылықтар анықталды: 1. 2026 жылғы 01.01–18.01 аралығында экологиялық рұқсатсыз алау қондырғыларында газ жағу фактісі анықталды. Серіктестік KZ12VCZ14622634 экологиялық рұқсатын 2026 жылғы 19.01 күні алған. Жоғарыда баяндалғанды және ұсынылған құжаттарды негізге ала отырып, көрсетілген кезеңде Серіктестік экологиялық рұқсатсыз келесі көлемде газ жаққан: Мұнайды дайындау және айдау цехы (МДАЦ) – 1637 м3.Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 106-бабына сәйкес Экологиялық рұқсат – дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың қоршаған ортаға жағымсыз әсерді жүзеге асыру құқығын куәландыратын және қызметті жүзеге асырудың экологиялық шарттарын айқындайтын құжат. Экологиялық шарттар деп Қазақстан Республикасының экология заңнамасында белгіленген, осындай қызметке

қолданылатын экологиялық талаптардың, сондай-ақ қоршаған ортаға әсерді бағалау нәтижелері бойынша қорытындыларда қамтылған тұжырымдардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында I және II санаттағы объектілерді салуға және пайдалануға қойылатын жеке-дара талаптар түсініледі. Экологиялық рұқсаттарға қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге бағытталмаған шарттарды енгізуге тыйым салынады. Аталған баптың 2-тармағына сәйкес, Экологиялық рұқсат алған оператор, сондай-ақ объектінің операторы I немесе II санаттағы тиісті объектіні салу, реконструкциялау немесе пайдалану кезінде оның аумағында жекелеген жұмыстарды орындау және (немесе) жекелеген қызметтерді көрсету үшін тартқан жеке және заңды тұлғалар осындай экологиялық рұқсаттың шарттарын сақтауға міндетті және оларды сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады. Мұндай жеке және заңды тұлғалардың I немесе II санаттағы тиісті объектінің аумағында жұмыстарды орындау және (немесе) қызметтерді көрсету үшін жеке экологиялық рұқсат алуы талап етілмейді. Алайда Маңғыстау облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуроры тарапынан Серіктестікке қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалды. 2. Зертханалық-талдамалық бөлім мамандарымен өнеркәсіптік пештердің атмосфераға шығарындыларынан сынамалар алынып, ластаушы заттардың нақты концентрациялары анықталды (Сынамалар алу актісі нөмірі 4, 17.02.2026 ж.). Өнеркәсіптік шығарындылар сынамаларын талдау нәтижелері туралы нөмірі 4 хаттамаға (25.02.2026 ж.) сәйкес, өнеркәсіптік пештердің көрсеткіштерінде H2S (күкіртсутек) бар екені анықталды. Алайда «2026–2028 жылдарға арналған Боранкөл кен орнындағы «Nobilis Corp» ЖШС үшін қоршаған ортаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары (ЖБШ) нормативтері жобасында» күкіртсутек бойынша норматив белгіленбеген. Осыдан күкіртсутектің экологиялық рұқсатсыз шығарылғаны анықталды. ЦППН нөмірі 0002 • H2S (күкіртсутек): нақты концентрациясы – 0,0000337 г/с, ЖБШ – жоқ, нормативтен асып кету – 0,0000337 г/с. ЦППН нөмірі 0002 пешінің жұмыс уақыты: 2024 жыл – 8477 сағат; 2025 жыл – 7856 сағат; 2026 жыл – 1176 сағат. ГУ-2 нөмірі 0213 • H2S (күкіртсутек): нақты концентрациясы – 0,0000432 г/с, ЖБШ – жоқ, нормативтен асып кету – 0,0000432 г/с. ГУ-2 нөмірі 0213 пешінің жұмыс уақыты: 2024 жыл – 5740 сағат; 2025 жыл – 5730 сағат; 2026 жыл – 1176 сағат. ГУ-2 нөмірі 0211 • H2S (күкіртсутек): нақты концентрациясы – 0,0000461 г/с, ЖБШ – жоқ, нормативтен асып кету – 0,0000461 г/с. ГУ-2 нөмірі 0211 пешінің жұмыс уақыты: 2024 жыл – 5760 сағат; 2025 жыл – 5710 сағат; 2026 жыл – 1176 сағат. Сондай-ақ ЦППН нөмірі 0016 бойынша метан көрсеткіштерінің асып кетуі анықталды: нақты концентрациясы – 0,036833 г/с, ЖБШ – 0,0265 г/с, асып кету – 0,010333 г/с. Пештің жұмыс уақыты – 312 сағат Кодекстің 202-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, жол берілетін шығарындылар нормативі – экологиялық рұқсатта белгіленетін және атмосфералық ауаға шығаруға жол берілетін (рұқсат етілген) ластаушы заттың немесе ластаушы заттар қоспасының ең жоғары массасы ретінде айқындалатын экологиялық норматив. Жол берілетін шығарындылар нормативтері I немесе II санаттағы объект құрамына кіретін жеке стационарлық көз және (немесе) стационарлық көздер жиынтығы үшін есептік жолмен, ластаушы заттардың жерге жақын концентрацияларының таралуын модельдеу әдісін қолдану арқылы, әсер ету аймағы шегінде атмосфералық ауаға түсетін жалпы жүктеме қоршаған орта сапасының белгіленген экологиялық нормативтерін немесе нысаналы көрсеткіштерін бұзбауы тиіс болатындай етіп айқындалады. 3. Департамент мамандары жүргізген шолу барысында қалдықтарды басқару бағдарламасы талаптарының бұзылуы анықталды. «Боранқол» кен орнында Құтқару авариялық қызметінің аумағының артында құрылыс қалдықтары анықталды.Кодекстің 319-бабына сәйкес, қалдықтарды басқару – қалдықтар пайда болған сәттен бастап оларды түпкілікті жоюға дейін жүзеге асырылатын операциялар. Сондай-ақ Кодекстің 335-бабына сәйкес, I және (немесе) II санаттағы объектілер операторлары, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптау, өңдеу, оның ішінде залалсыздандыру, қалпына келтіру және (немесе) жою жөніндегі операцияларды жүзеге асыратын тұлғалар қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеуге міндетті. 320-баптың 1-тармағына сәйкес, қалдықтарды жинақтау деп қалдықтардың пайда болу немесе оларды одан әрі басқару процесінде оларды түпкілікті қалпына келтіруге немесе жоюға дейін осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімдер ішінде арнайы белгіленген орындарда уақытша сақтауды айтады. .

Месторождение «Боранкул»; скважины; цех добычи нефти и газа; групповые замерные установки; резервуары; трубопроводы; печи подогрева; насосы; сосуды, работающие под давлением; грузоподъемные механизмы (кадастрлық нөмірі 13-196-006-792)

№	**Анықталан бұзушылықтар тізімі** (Тексеру нәтижелері бойынша мәліметтер, оның ішінде анықталған бұзушылықтар олардың мінездемесі)	**Бұзушылықтар анықталған тексеру парағының талатары мен тармақтарының атауы**
1	2026 жылғы 01.01–18.01 аралығында экологиялық рұқсатсыз алау қондырғыларында газ жағу фактісі анықталды. Серіктестік KZ12VCZ14622634 экологиялық рұқсатын 2026 жылғы 19.01 күні алған. Жоғарыда баяндалғанды және ұсынылған құжаттарды негізге ала отырып, көрсетілген кезеңде Серіктестік экологиялық рұқсатсыз келесі көлемде газ жаққан: Мұнайды дайындау және айдау цехы (МДАЦ) – 1637 м3;	П. 7 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы
2	Өнеркәсіптік шығарындылар сынамаларын талдау нәтижелері туралы нөмірі 4 хаттамаға (25.02.2026 ж.) сәйкес, өнеркәсіптік пештердің көрсеткіштерінде H2S (күкіртсутек) бар екені анықталды. Алайда «2026–2028 жылдарға арналған Боранкөл кен орнындағы «Nobilis Corp» ЖШС үшін қоршаған ортаға ластаушы заттардың жол берілетін шығарындылары (ЖБШ) нормативтері жобасында» күкіртсутек бойынша норматив белгіленбеген. Осыдан күкіртсутектің экологиялық рұқсатсыз шығарылғаны анықталды. Сондай-ақ ЦППН нөмірі 0016 бойынша метан көрсеткіштерінің асып кетуі анықталды;	П. 8 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы
3	Департамент мамандары жүргізген шолу барысында қалдықтарды басқару бағдарламасы талаптарының бұзылуы анықталды. «Боранқол» кен орнында Құтқару авариялық қызметінің аумағының артында құрылыс қалдықтары анықталды.;	П. 20 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы

7. Тексеру жүргізген лауазымды тұлғаның (тұлғалардың) қолы

8. Тексеру субъектісінің уәкілетті тұлғасының, сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан тұлғалардың актімен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қойудан бас тарту

9. Тексеру нәтижесі бойынша ескертулер және (немесе) наразылықтар

_____

_____

Қосымша « ____» парақта

«____»_____20__ ж.

Ескерту: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабының 7-бөлігіне сәйкес тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, Сіз үш жұмыс күнінен кешіктірмей бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту туралы арыз беруге құқылысыз. Арызда бұзушылықтарды жою бойынша қабылданатын шаралар мен бұзушылықтарды жою мерзімін созудың объективті себептерін көрсету қажет. Тексеру жүргізген мемлекеттік орган үш жұмыс күнінен кешіктірмей арызда көрсетілген мән-жайларды ескере отырып бұзушылықтарды жою мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы дәйекті шешім қабылдайды.

№ 10/_____ БҰЗУШЫЛЫҚТЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ НҰСҚАМА

Ақтау қ. 05.03.2026 ж.
Актіні толтыру орны Уақыты 12:00

1. Бақылау және қадағалау органының атауы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Маңғыстау облысы бойынша Экология департаменті республикалық мемлекеттік мекемесі

2. Тексеру жүргізуге негіз болған актінің күні мен нөмірі 11.02.2026 ж. № 10

Тексеру жүргізуге уәкілетті адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және оның лауазымы
ЖУМАШЕВ ЕРЖАН МОЛДАБАЕВИЧ - Маңғыстау облысы бойынша бас мемлекеттік экологиялық инспекторы
АДИЛЬБАЕВ ЕСЕНКОС ЭСТУРЕУЛЫ - Аға мемлекеттік экологиялық инспектор
АРТЫГАЛИЕВА ЭЛЬМИРА КОСЫМБАЕВНА - Маңғыстау облысы бойынша мемлекеттік экологиялық инспектор
ЖУСУПОВ АЙДОС ЕЛЕМЕСҰЛЫ - МО бойынша мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімінің инспекторы
НАДІРБЕК ҚАЙСАР НАДІРБЕКҰЛЫ - Маңғыстау облысы бойынша аға мемлекеттік экологиялық инспектор
МОЛБАЕВА ЗАРИНА НҰРБЕРГЕНҚЫЗЫ - ЗТББ бас маманы

4. Тексерілетін субъектінің, объектінің атауы (заңды тұлғаның немесе оның филиалының және (немесе) өкілдігінің атауы, оған қатысты тексеру жүргізу тағайындалған жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның орналасқан жері, аумақтың учаскесі, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі (ЖСН/БСН)
220540006616, "Nobilis Corp" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Тексерілетін объектінің атауы / объектінің мекен-жайы:
Месторождение «Боранкул»; скважины; цех добычи нефти и газа; групповые замерные установки; резервуары; трубопроводы; печи подогрева; насосы; сосуды, работающие под давлением; грузоподъемные механизмы (кадастрлық нөмірі 13-196-006-792), Маңғыстау облысы, Ақтау қ., Ақтау, 17 (Шағын ауданы), 39.

5. Тексеру өткізілетін күні 16.02.2026 - 05.03.2026

6. Қазақстан Республикасының заңнамаларын және басқада құқықтық нормативтік актілерді сақтамағаны үшін (Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабының 7-бөлігін ескере отырып) мынадай іс-шараларды орындауды ұйғарамын:

Месторождение «Боранкул»; скважины; цех добычи нефти и газа; групповые замерные установки; резервуары; трубопроводы; печи подогрева; насосы; сосуды, работающие под давлением; грузоподъемные механизмы (кадастрлық нөмірі 13-196-006-792)

№	Анықталан бұзушылықтар тізімі (бұзушылықтар анықталған тексеру парағының талатары мен тармақтарының атауы)	Тәуекелділік дәрежесінің бағасы	Анықталған бұзушылықтарды жою бойынша нұсқаулар мен ұсынымдар, оларды жоюдың мерзімдері
1	П. 7 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға	Өрескел	Факельдік қондырғыларда экологиялық рұқсатсыз газ жағуға жол бермеу

	теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы		мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу жоюдың мерзімі: 31.03.2026
2	П. 8 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы	Өрескел	Жобалық НДВ-ны нақты жабдық параметрлеріне сәйкес келтіру (Сірке қышқыл газ) және бұзушылықтарды жою бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу жоюдың мерзімі: 31.03.2026
3	П. 20 Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды молықтыру және пайдалану саласында меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында қоршаған ортаға теріс әсер ететін объект бар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қоршаған ортаны қорғау саласындағы рұқсат беру құжаттары бойынша талаптарға сәйкестігін тексеру парағы	Елеулі	Қалдықтарды басқару жөніндегі операцияларға қойылатын экологиялық талаптарды бұзуға жол бермеу мақсатында іс-шаралар жоспарын әзірлеу. жоюдың мерзімі: 31.03.2026

7. Бақылау және қадағалау субъектісінің уәкілетті тұлғасының (заңды тұлғаның басшысы, немесе уәкілетті тұлғасының, жеке тұлғаның), сондай-ақ, тексеру барысында қатысқан тұлғалардың ұйғарыммен танысуы немесе танысудан бас тарту туралы мәліметтері, қолдары немесе қол қойудан бас тарту

---

8. Нұсқаманы енгізді (тексеру жүргізген лауазымды адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), қолы)

Артыгалиева Жылдыра Косбулбаевна

9. Нұсқаманы алдым (заңды тұлғаның басшысы, немесе уәкілетті тұлғасының, жеке тұлғаның) тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде), оның қолы)

Нетпісбай Арман Шүрілбайұлы

«____»_____20__ ж.